

«БАТТАЛ ГАЗИ» ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИ-ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ГЕНЕЗИСІ

Ата жұрттары – Орталық Азиядан көшіп, жаңа жұрттары – Анadolыға келген түрік халқы осында үш негізгі эпикалық туындыларын өмірге әкелген. Олар: «Баттал Гази», «Данишменд Гази» және «Салтұқ Гази» жырлары [1, 17].

«Баттал Гази» жыры негізінде Анadolы түріктерінен бастау алады. Бұл жыр өзінен кейінгі екі жырдың да қайнар көзі болып табылады [1, 21]. Жырды алғаш кімнің және қашан жырлағаны бізге беймәлім. Бірақ хатқа түскен уақыты анықталған. «Данишменд Гази» жырында (1244–1245) Баттал Гази және оның жолдастары туралы әңгімеленуіне қарағанда, жырдың одан ертеректе хатқа түскені түсінікті жайт [1, 21–22].

«Баттал Газидің» қай дәуірдің шығармасы екендігі туралы ғалымдардың пікірлері де әрқилы. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Ахмет Қабаклы: «Түріктердің Стамбул қаласын алған 1453 жылға дейінгі, 8-ғасырдан басталатын және бастапқыда арабтар мен византиялықтардың кейін түріктер мен византиялықтардың ұзақ ғасырларға созылған күрестері әсерімен туған» – десе [2, 171], ғалым Фуат Көпрүлү тіпті әмеуиттер және әсіресе Аббаситтер әскерлерінің алдыңғы саптарында қызмет атқарған түріктер арасында осы әңгімелердің алғаш шыққанын алға тартады [3, 279].

Шығарма алғаш рет XIII ғасырда хатқа түсірілген және оның алғашқы нұсқасы қарасөзбен жазылғаны анықталған. Ақын Даренделі Бекаи

жырды 1769–1970-жылдары өлеңмен (ozetleyerek) қайтадан жырлаған [1, 22]. Жырдың түрік халқының төл жыры екендігі немесе еместігі жөнінде түрлі пікірлер баршылық. Жырдың арабтардың «Зүл Химме Делхамма» атты жырынан аударылғаны немесе ол жырдың әсерімен пайда болғандығы жөнінде де пікірлер бар [4, 17]. Ол византияның атақты жыры – «Digenis Akritas» жырынан көшірілген деген пікір де айтылған. Бірақ соңғы зерттеулер ол пікірлерді жоққа шығарды. Себебі: үш халықтың қатысы бар оқиғаларды әр халық өзінше жырлаған [1, 21]. Түріктер мен византиялықтардың ұзақ ғасырларға созылған соғыстарының нәтижесінде византиялықтардың атақты «Акритас» жыры, түріктердің «Баттал Гази» және «Данишменд Гази» сияқты жырлары дүниеге келген [3, 277].

«Баттал Гази» жыры сюжетінің араб аңыздарынан ауысып келгені жөніндегі пікірлерге ғалымдар – Фуат Көпрүлү мен Ахмет Қабаклы қарсы шығады. Фуат Көпрүлү: «Алдымен айтарым: Сейітбатталды Мұхаммед пайғамбар ұрпақтары арасынан шыққан араб жауынгері емес, Анadolуда ғасырлар бойына соғысқан, бірақ ислам дінін таратуды өмірлік мақсаттарына айналдырған түрік батырлары арасында қалыптасқан, аты аңызға айналған түрік батыры деу керек. «Сейітбаттал» жыры – Селджұқтардың Анadolуға ұйымдастырған жорықтары кезінде дүние-

ге келген шығарма, таза түркілік дүние. Дегенмен, сол кезде діни ықпалдың басым болғандығына байланысты батырды пайғамбар ұрпақтарынан деуге және эмеуі-абасситтер халипаларының византиялықтармен болған соғыстарына араластыруға әкеліп соққан. Шыны керек, Сейітбаттал жайында ешқандай да бір араб аңызы және бірде-бір дастаны жоқ. XII ғасырда Египетте ол жайында бір шығарманың барын және тіпті кейіннен сұлтан Бейбарыстың да оған ұқсас болып жырланғанын білеміз. Біздің ойымызша, XIV ғасырда қайтыс болған тарихшы Зехебинің қиялданып айтқан Баттал жайындағы қисса-дастандар түріктер шығарған атақты жырдан басқасы емес» [3, 277].

Көпрүлү Анадолыдағы көптеген жерлердің, үңгірлердің оның атымен аталғанын, аталған қаһарманның көптеген мазарларының кездескенін тілге тиек етіп, «Сиретүл Зилхимме» сияқты кейіннен Египетте пайда болған арабтың батырлық жырларында Батталдың екінші қатардағы кейіпкер ретінде суреттелгеніне тоқтала отырып, бұндай құбылыстың орын алуына сол жерлерге ерте заманда түрікмен тайпаларының қоныс аударуы әсер еткенін айтады [3, 280]. Демек «Баттал Гази» жыры – Анадолы түріктерінің жан дүниесінен бастау алған рухани мұра. Көпрүлүннің пікірін Ахмет Қабақлы да растайды. Ол жырдағы географиялық атаулардың негізінен Түркияның шығысында орналасқан Малатя және Харпут қалаларынан Стамбулға дейінгі аралықтағы жерлердің атаулары екендігін айта келіп, былай дейді: «Сонымен қатар араб әлемінде Баттал жайында ешқандай да жазбаша және ауызша әдеби шығарма кездеспейді. Ал түрік әдебиетінде болса, Баттал Гази жайында көптеген үлкенді-кішілі шығармалар мен сарындар жиі ұшырасады. «Баттал Гази» және кейіннен оның ықпалымен дүниеге келген «Данишменд Гази» және «Салтұқ Гази» жырлары, стильдік тұрғыдан алғанда, атақты «Қорқыт ата кітабындағы» әңгімелерге көбірек ұқсайды» [2, 173, 174].

Бұл жырдың тарихи оқиғалар негізінде өмірге келгені ешбір дау тудырмайды. Оның үстіне аталмыш туындылар – түркі халқына тән қаһармандық жырлар. Жалпы жырдың таза түрік халқының шығармасы және қаһарманның да (Батталдың) түрік батыры екендігі көпшілік тарапынан мойындалған. [3, 279-280]. Баттал Гази – тек қана Анадолы түріктері ғана сыйлайтын батыр емес, ерліктері туралы өзге де түркі халықтары да сүйіп оқитын батыр. Шығыс Түркістандағы Аксу қала-

сында оған арнап күмбез тұрғызылуының өзі осы сөзімізді дәлелдесе керек. Баттал Гази кез келген түрік үшін жай батыр емес. Ол – күллі түркі қауымының ұлттық батыры. Түріктердің оны сыйлағаны соншалық: оған арнап әдемі мешіт тұрғызылған және үстіне қорғанға ұқсатып үлкен күмбезді мазар салдырған [2, 174]. Қазан қаласында осы жырдың 1879, 1883, 1888, 1908 [5, 5] жылдары қайта басылып шығуы да жалпы түркі жұртының оған деген сүйіспеншілігін паш етсе керек. Және де қазақ халқының, сонымен қатар жалпы барлық түркі халықтарының үлкен жетістігі ретінде тарихта аталар үлкен еңбек – «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының 13, 14-томдары толық, ал 16-томының да бір тарауы соған арналған. Бұл да қазіргі күнде ол шығарманың мәнін жоймағанын, оның бәрімізге ортақ мәңгілік мұра екендігін аңғартса керек. «Баттал Гази» жырының нұсқаларының саны нақты анықталмаған. Қазіргі кездегі ғылыми көпшілікке белгілі өлеңмен жырланған нұсқалары Стамбул Археология музейінде (хатқа түскен жылы – 1436-37), Акхисар Зейнелзаде кітапханасында (хатқа түскен жылы – 1453), екі нұсқасы Париждегі «Bibliothèque Nationale» кітапханасында және де ғалым Неджати Демирдің жеке кітапханасында бір нұсқасы (хатқа түскен жылы 1821-1822) сақтаулы.

Жырдың қара сөзбен жазылған нұсқалары мен ақын Даренделі Бекаидің жырлаған нұсқасы Стамбул университеті кітапханасында (№-88) және Сиуас қаласындағы Ахмет Өлмездін жеке кітапханасында (хатқа түскен жылы – 1793) сақталған. Бұл нұсқалар анықталған ең ескі нұсқалар болып саналады. Осылардан басқа да кейіннен хатқа түскен немесе тасқа басылған көптеген нұсқаларды Түркияның әр тұсында кездестіруге болады [1, 54-55].

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды: түрік халқы ұзақ ғасырлар еліне қорған болған батырларының істеген ерліктерін қатты қастерлеген, соларға тән асыл қасиеттерді өздерінің аса атақты батыры Баттал Газидің бойына жинақтап, оның есімімен аталатын үлкен жыр туғызған. Баттал Газидің тарихи кісі болғандығы және эмеуиттер тұсында өмір сүргендігі жөнінде араб тарихшылары – Табери, Ибн Кесир және Ибнул Әсир айтса да [2, 171] ол туралы нақты мәліметтер өте аз. Негізінен тарихта ондай кісінің болғаны немесе болмағанын дәлелдеп жатудың да керегі жоқ. Ол әлі күнге дейін ғазиз түрік халқының жүрегінен өз орнын алып отыр. Өзіне арналған жырдың кейіпкері ретінде күні бүгінге жеткен

[1,57]. Оған арналып тұрғызылған мазар Түркиядағы Әскишехир облысының Сейитгази ауданына қарасты Үштертөбесі деген жерде орналасқан. Оның мазарының ұзындығы – 8,5 метр. Егер де осы мазар шынымен Баттал Газидікі болса, ол жырдағы мәліметтерге де сайма-сай келеді [1, 58]. «Баттал Гази» жырында барша түркі халықтарына ортақ жырларымыздағы типологиялық сарындар болып табылатын жырдың басында батырдың ата-анасы мен елі туралы баяндалуы, батырдың ғажайып жағдайда өмірге келуі, оған ат қойылуының да ерекше оқиғаларға толы болуы, батырға лайық балалық шағы, алғашқы ерлігі, қаһармандықпен үйленуі (ерекшелігі: алғашқы қалыңдығын аларда емес, екінші және одан кейінгілерінде), қалыңдықпен сынға түсуі Бәмсі мен Бану Шешектің сайысына ұқсас, бірақ ерекшелігі: батыр өзімен сынасқан және жеңілген батыр қызды өзі алмайды, кейіпкердің қалыңдығымен оралуы, жаудың шабуылы туралы хабар, жорыққа аттануы, сол жорығының сәтсіз болып, батырдың тұтқынға түсуі, батырдың алып ұйқысы, ұйқыға жау берген затты иіскеудің салдарынан кетуі, соның кесірінен тұтқынға түсіп, терең құдыққа салынуы, кейіннен азаттыққа шығуы, жекпе-жекке шығуы және кейіпкердің жаудың қалың қолымен жалғыз соғысып, жеңіске жетуі, жеңіспен оралуы, қалыңдық туралы немесе туған-туыстарының (руының) тұтқынға түскені (қорлық көргені) жөнінде хабар алуы, кейіпкердің қалыңдығына дұшпанның, бәсекелестің немесе құлдың үйленуге ниет етуі, қалыңдықпен жасырын кездесуі немесе қалыңдығының тойына бөтен адамның кейпінде келуі (ерекшелігі: қалыңдығының тойы жау елінде өтеді, батыр тойдың үстіне келеді), той үстінде кейіпкердің танылуы (ерекшелігі: тойға арналған жарыстар ұйымдастырылмайды), туған жеріне оралуы немесе бәсекелестерін жазалауы (ерекшелігі той жау елінде өткендіктен бәсекелесін сонда жазалайды) және елінде қал-

дырып кеткен қалыңдығымен немесе жау елінен алып келген қалыңдығымен үйлену тойын өткізуі т.б. Міне көріп отырғанымыздай «Баттал Гази» жыры жалпы түркі халықтары эпикалық дәстүріне ортақ сарындарды бойында сақтауымен де құнды. Кіші Азияға қарай сонау 10-11 ғасырларда көшкен түркі жұртының бір бұтағы болған түрік халқының өзінің дәстүрлі мәдениетін ұмытпағаны, оларды жырларында мәңгі өлместей етіп өрнектегенін осы жырдан да байқауға болады. Оның үстіне, жоғарыда да айтып өткендей, ол өзінен кейін дүниеге келген екі жырдың да қайнар көзі болып саналады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Battal Gazi Destan?*, Haz?rlayanlar: Necati Demir, Mehmet Dursun Erdem .Istanbul 2006
2. Ahmet Kabakl?, *Turk Edebiyat? Tarihi cilt 2*, Istanbul 1997
3. Fuat Koprulu, *Turk Edebiyat? Tarihi*, Ankara 2004
4. Marius Canard, “*Delhamma, epopee Arabe Des Guerres Arabo-Byzantines*”, Byzantion, Buruksel 1935, s.283, al?nt? *Battal Gazi Destan?*, Haz?rlayanlar: Necati Demir, Mehmet Dursun Erdem .Istanbul 2006 s-17'den.
5. Бабалар сөзі. Астана, 2005. 13-т.

Резюме

Данная статья посвящена общетюркской эпической произведению «Баттал Гази». В историко-типологическом аспекте автор анализирует и систематизирует тематику и структурно-семантическую особенность данного жыра.

Summary

Battal Gazi is the first of the three national legends of Turkish people who moved from their homeland Central Asia to Anatolia. The *Battal Gazi* legend originated from the 8th century and was first recorded in paper by the Turks in 1453 A.D. after conquering Istanbul, conquest of which was preceded by Arab – Byzantine and Turkish – Byzantine wars. The fact that only the Turkish people wrote a poem for *Battal Gazi* is an indisputable evidence of its Turkic origin.